

"Қорғас - Шығыс қақпасы" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қарашадағы № 1380 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 8-тармағына сәйкес

Қ А У Л Ы **Е Т Е М І Н :**

1. 2035 жылға дейінгі кезеңге «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) АЭА туралы ереже;

2) АЭА-ның жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және АЭА-ның жұмыс істеуінің нысаналы индикаторларына қол жеткізбеудің сындарлы деңгейі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі АЭА-ның қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2011

жылғы

№

Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы туралы

ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер

1. «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) қоса берілген жоспарға сәйкес шекарада Алматы облысының аумағында орналасқан.

АЭА-ның аумағы 5 740 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

1) сауда-экспорт қызметінің және Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асырудың мүддесін қамтамасыз ететін, сондай-ақ шектес мемлекеттермен экономикалық және мәдени алмасуды дамытуға ықпал ететін тиімді көліктік-логистикалық және индустриялық орталық құру;

2) қазақстандық өнімнің жалпы әлемдік өндіріс пен өткізу жүйесіне кірігуін жүзеге асыру, халықаралық стандарттарға сәйкес инновациялық, бәсекеге қабілетті отандық өнім жасау;

3) инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қолайлы инвестициялық климат жасау және отандық әрі шетелдік инвестицияларды тарту;

4) республика экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне кіруін жандандыру үшін өңірді жедел дамыту;

5) нарықтық қатынастардың құқықтық нормаларын жетілдіру, басқару мен шаруашылық жүргізудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу;

6) халықты жұмыспен қамтуды ұлғайту мақсатында құрылады.

3. АЭА-ның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, осы Ережемен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

4. АЭА аумағындағы қызметтің басым түрлері:

1) қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі;

2) тамақ өнімдерінің өндірісі;

3) тері және оған жататын өнім өндірісі;

4) тоқыма бұйымдарының өндірісі;

5) өзге де металл емес минералдық өнім өндірісі;

6) химиялық өнеркәсіп өнімдерінің өндірісі;

7) машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарының өндірісі;

8) басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісі;

9) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес көрмелер, мұражайлар, ұйымдастыруға арналған ғимараттар, қоймалық және әкімшілік ғимараттар салу болып табылады.

2. АЭА-ны басқару

5. АЭА-ны басқару «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

3. АЭА-ның аумағында салық салу

6. АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

4. Кедендік реттеу

7. АЭА-ның аумағында кедендік реттеу Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

8. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімі АЭА аумағының қызметтің басым түрлері жүзеге асырылатын бөлігінде қолданылады.

АЭА-ға қатысушы ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес АЭА аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар АЭА аумағында орналастыруға және (немесе) пайдалануға арналған тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырады.

9. АЭА аумағы кедендік бақылау аймағы болып табылады. АЭА шекарасы кедендік бақылау жүргізу мақсатында оның периметрі бойынша жайластырылады және арнайы қоршаулармен жабдықталады.

10. Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалынған тәртіппен АЭА-ның аумағында тауарларды уақытша сақтау орындары құрылуы мүмкін.

11. АЭА-ның аумағында еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар, сондай-ақ еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылмаған Кеден одағының тауарлары және өзге де кедендік рәсімдермен орналастырылған шетелдік тауарлар орналастырылуы және пайдаланылуы мүмкін.

12. АЭА аумағына әкелінген және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсаттары үшін Кеден одағының кедендік аумағынан тыс орналасқандар ретінде қаралады.

13. Тауарларды уақытша сақтауға, кедендік декларациялауға, кедендік тазалауға және шығаруға, сондай-ақ АЭА аумағында кедендік бақылау жүргізуге байланысты кедендік операциялар Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Қоршаған ортаны қорғау

14. АЭА-да қызметті жүзеге асыру өмір сүру сапасын жоғарылатудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерінің теңгерімі негізінде орнықты дамуға және қоршаған ортаны қорғауға өту үшін жағдайлар жасау арқылы табиғи ресурстарды ұтымды әрі тиімді пайдалануға негізделген.

6. АЭА-ны тарату тәртібі және мерзімдері

15. АЭА ол құрылған мерзім өткеннен кейін таратылады.
АЭА Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен таратылады.

7. Қорытынды ережелер

16. АЭА-ны мерзімінен бұрын тарату «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

17. АЭА-ның осы ережемен реттелмеген қызметі Қазақстан Республикасының және Кеден одағының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2011 жылғы

№ _____ Жарлығымен бекітілген

«Қорғас – Шығыс қақпасы»


арнайы экономикалық аймақ

туралы ережеге

ҚОСЫМША

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймақ

ЖОСПАРЫ



P/c №	Функционалдык аймақ және объектілер атаулары	Алаң, га		
		негізгі	резервті	БАРЛЫҒЫ
1	2	3	4	5
	Негізгі функционалдык аймақтар:			
1	«Күрғақ порт» көліктік-логистикалық кешен	370	200	570
2	өнеркәсіптік-өндірістік аймақ	340	350	690
3	қоныстанған аймақ	810	200	1010
	Алаң ішіндегі қосымша объектілер (аумақтар):			
	«Қорғас» ШЫХО	319		319
	Оның ішінде:			
	- «Қорғас» ШЫХО әкімшілік-іскерлік аумағы (12 функционалдык аймақ)	185		
1	- бас бақылау-өткізу пункті (БӨП-1)	31		
	- «Қорғас» ШЫХО және «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА әкімшілік-іскерлік аумақтарға қызмет көрсетудің басқа да қосымша алаңнан тыс объектілері және инфрақұрылым құрылыстары	103		
	Инфрақұрылымның алаң ішіндегі объектілері:	806		806
	Оның ішінде:			
2	- «Қорғас» кедендік БӨП	15		15
	- коммуналдық аймақ	60		60
	- санитарлық-қорғаныш көгалдандыру	90		90
	- атаулы және су қорғау аймағы	641		641

3	Жалпы пайдалану аймақтары:	575		575
	Оның ішінде:			
	- көшелер, жолдар	250		250
	- парктер, скверлер, бульварлар	175		175
	- басқа да жалпы пайдалану аймақтары	150		150
4	Резервті аймақтар		1770	1770
Барлығы «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА шекарасында		3220	2520	5740

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

№

Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

«Қорғас – Шығыс Қақпасы» арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің сындарлы деңгейі

Р/с №	Мақсаты, міндеттері және көрсеткіштері (атауы)	Өлшем бірлігі	Базалық кезең (2012 жыл)	2015 жылы қол жеткізу, оның ішінде		2020 жылы қол жеткізу, оның ішінде	
				нысаналы индикатор	сындарлы деңгей	нысаналы индикатор	сындарлы деңгей
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Инвестициялардың жалпы көлемі, соның ішінде:	млн. теңге	-	211 110	21 110	415 512	41 550
1.1	Шетелдік инвестициялар көлемі	млн. теңге	-	1 946	194	5 692	569
1.2.	Отандық инвестициялар көлемі	млн. теңге	-	209 164	20 916	409 820	40 981
2	АЭА аумағында тауарларды және қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млн. теңге	-	-	-	520 612	52 062
3	Қатысушылар саны (компаниялар)	бірлік	-	12	10	27	20
4	Қызметтің қосалқы түрін жүзеге асырылатын тұлғалар саны	адам	-	1 700	700	4 900	1 400
5	АЭА аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	-	7 200	3 600	16 200	6 300
6	АЭА аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%	-	75%	75%	75%	75%
7	Тауарды тасымалдау көлемі (экспорт, импорт, транзит)	мың тонна	-	150	50	2000	650

кестенің жалғасы

2025 жылы қол жеткізу, оның ішінде	2030 жылы қол жеткізу, оның ішінде	2037 жылы қол жеткізу, оның ішінде

нысаналы индикатор	сындарлы деңгей	нысаналы индикатор	сындарлы деңгей	нысаналы индикатор	сындарлы деңгей
9	10	11	12	13	14
522 716	53 465	522 716	53 465	522 716	53 465
10 215	1 021	10 215	1 021	10 215	1 021
512 501	52 444	512 501	52 444	512 501	52 444
780 918	78 092	1 171 377	117 138	1 687 891	168 790
42	30	64	40	89	50
8 100	2100	11 300	2800	14 500	3500
19 700	6 300	20 500	6 300	22 000	6 300
75%	75%	75%	75%	75%	75%
2400	800	2700	850	3000	1000

Е с к е р т п е :

индикаторлар көрсеткіштері өсу қорытындысымен келтірілген; есептеу кезінде 1 АҚШ доллары – 147 теңге бағамында қолданылған.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК